


*Жаңа түскен баслымдардың  
виртуалды көрмесі*

*№ 1, 2018*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*



**Исахова П.Б., Муканова А.Н. Макродеңгейдегі қаржы: Оқу құралы / Алматы менеджмент ун-т. - Алматы: Экономика, 2016. - 328 б.**

Аталмыш оқу құралы макродеңгейдегі қаржының мәні мен функциясы, әртүрлі деңгейдегі бюджеттің қалыптасуы мен орындалуы, Қазақстан Республикасының бюджет аралық қатынастары, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қалыптасуы мен пайдалануы, сонымен қатар мемлекеттік несиенің және мемлекеттік борыштың түрлері мен формалары және т.б. тақырыптарды қамтиды.




**Мүсіров Ғ. Кредит және несиенің әлеуметтік-экономикалық сипаты: Монография. – Алматы: Экономика, 2016. – 236 б.**

Монографияда алдымен кредит пен несиенің теориялық, ұғымдық-категориялық мәселелері, сонан соң кредит пен несиенің категорияларының әлеуметтік-экономикалық табиғаты, екеуінің айырмашылық ерекшеліктері мен белгілері жеке-жеке талданған, сол арқылы Қазақстанда қалыптасып отырған кредитке байланысты қарыз капиталының үстемдік әрекетін бейнелейтін өсімқорлық сипаты, пайыз мөлшерлемесін төмендету арқылы кредитті әлеуметтендіру, оны несиенің теңестіру мақсаты қойылған. Сонымен қатар монографиялық жұмыста қазіргі исламдық қаржыландыру құралдарының несиенің категориясына балама жақтары айқындалады.



**Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2016. - 224 б.**

«Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау» атты оқу құралында инвестиция ұғымының теориялық-әдістемелік аспектілері, инвестициялық жобалардың мәні мен қажеттілігі, инвестициялық жобалардың ақша ағымдары, жобалардың тиімділігін талдау, бағалау және басқару әдістері қарастырылған.



**Қамбаров М.Н. Қазақстан баламалы энергетикасы = Возобновляемые энергетические ресурсы Казахстана = Kazakhstan Renewable Energy Projects. – Алматы: Альманах, 2016. – 81 б.**

Әлемде ҚР көмір, мұнай, газ т.б. энергоресурстарына бай елдердің бірі ретінде танылған. Сонымен ҚР-ның географиялық климатының әр түрлілігіне байланысты балама энергия көздеріне бай мемлекет. Атап айтқанда, күнгей, жел, су және биомасса энергиялары. Адам басына шаққанда балама энергия ресурстары басқа елдерге қарағанда он есе көп.





**Түсіпов А., Оспанов А.Б. Механизмдер және машиналар теориясы: Машинатанудың негізі. – Алматы: Альманах, 2017. - 272 б.**

Механизмдер және машиналар теориясы (ММТ) - ол механизмдер мен машиналардың кинематикасы мен динамикасын жалпы зерттеу әдістеріне арналған және оларды жобалаудың ғылыми негізін қалаушы ғылыми пән.

Механизмдер және машиналар теориясы пәнінің қарастыратын негізгі мәселелері:

механизмдерді талдау - қолданыстағы және жобаланатын механизмдердің қозғалыс заңдылығын анықтау, оларға кинематикалық және динамикалық талдау жасау;

механизмдер синтезі - берілген кинематикалық және динамикалық сипаттамалары негізінде механизмдердің құрылымы мен геометриясын жобалау.




**Нұрғалиев Б.Е. Мал және құс өнімдерін ветеринариялық-санитарлық сараптау: Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2017. - 280 б.**

Бұл оқу құралында мал және құс өнімдерін ветеринарлық-санитарлық сараптаудан өткізу, сапасын анықтау әдістері келтірілген. Сонымен қатар сезімдік және зертханалық тексерулерден өткізу тәсілдері көрсетілген.




**Минсаринова Б.Қ., Есжанов Б.Е. Жалпы гидробиология: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 438 б.**

"Жалпы гидробиология" мемлекеттік тілде дайындалған алғашқы оқу құралдарының бірі. Құралда гидробионттардың тіршілік ортасы, оның физика-химиялық ерекшеліктері, әлемдік мұхит пен континенталды су қоймаларын мекендеушілер, олардың әртүрлі биотоптарда мекендеуге бейімдеушіліктері бойынша орналасуы, түрлік құралының ерекшеліктері, олардың биологиясы, физиологиясы, экологиясы және шаруашылық маңызы туралы мәліметтер жан-жақты қарастырылған.




**Қазыбек Г.Қ. Әдеби аударма негіздері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 100 б.**

Оқу құралында М.Әуезов, Ә.Кекілбайұлы, М.Мақатаев, Ә.Қодар, Л.Степанова т.б. аудармаларының сапасы, аударылу тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар аударма туралы айтылған ой-пікірлері топтастырылған.



**Мұхтарова Қ.С., Сансызбаева Г.Н., Смағұлова Г.С. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру: Оқу құралы / Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 196 б.**


Оқу құралы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру» оқу құралының негізгі оқу бағдарламасының құрылымына сәйкес жазылған. Оқу құралында мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың теориялық негіздері, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру ерекшеліктері, мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері, мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыру тәрізді мәселелер өзара сабақтастықпен қарастырылған.



**Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы: Дәрістік курсы / Жалпы ред.: Б.Х.Төлеубекова, Орыс тілінен қазақ тіліне ауд.: П.А.Алмағанбетов, С.Р.Боранбаева, Н.А.Жұманбаева, Э.П.Кенжебекова. - Алматы: Жеті жарғы, 2016. - 384 б.**


Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған Қылмыстық-процестік кодексі қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығындағы әдетте қалыптасқан түсініктер, категориялар және институттар нақты өзгертулерге ұшырады.





**Сайлан Б.С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 120 б.**


Оқу құралы Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресте Еуропа мемлекеттерін азат ету шайқастарына арналған. Еңбекте 1943 жылы жазда Курск шайқасындағы жеңістен кейін қазақстандық әскери құрамалардың жаппай шабуылға шығып, Украина мен Белоруссияны, Балтық бойы елдерін, 1944 жылдан бастап Молдавия, Румыния, Болгария, Чехословакия, Польша, Венгрия, Югославия, Австрия елдерін фашист басқыншыларынан азат ету шайқастарындағы өжет ерліктері қарастырылады.



**Тугелбаева Л.М., Рысқалиева Р.Г., Ашкеева Р.К. Қолданбалы химия: Оқу құралы / Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 190 б.**


"Қолданбалы химия" оқу құралы химия және химиялық технология факультетінің студенттері мен магистранттарының семинар сабақтарын өткізуге арналған.

Берілген оқу құралында тұрмыстық қызмет пен экономиканы химияландырудың негізгі бағыттары, химиялық заңдарды, заңдылықтарды, қағидаттарды, эксперименттік әдістерді, технологиялық тәсілдерді, сонымен қатар әлеуметтік-тұрмыстық жүйе мен экономиканың әр түрлі салаларындағы химиялық өнімдерді пайдаланудың практикалық нәтижелері қарастырылған. Әрбір бөлімде теориялық материалдар, қайталауға арналған бақылау сұрақтары және өзіндік жұмысқа арналған тест тапсырмалары берілген.



**Мұхамедиев Б.М. Микроэкономика: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 308 б.**


Бұл оқу құралы микроэкономика пәні бойынша жоғары кәсіптік білім берудің экономикалық мамандықтарына арналған типтік бағдарламаға сәйкес әзірленген. Оқу құралының әр бөлімінде теориялық материалдармен қатар бақылау сұрақтары бар.



**Қоқанбаев Ә.Қ., Керімқұлова М.Ж., Есімова О.А. Коллоидтық химияның көрнекі тәжірибелері: Әдістемелік нұсқаулық / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 120 б.**


Бірінші тарауда тәжірибелер коллоидтық жүйелердің жалпы қасиеттеріне, екінші тарау коллоидтық жүйелердің теорияларына, үшінші тарау адсорбциялық құбылыстарға, төртінші тарау коллоидтық жүйелер күйлерінің өзгеруіне және бесінші тарау микрогетерогендік жүйелердің қасиеттеріне арналған.






**Мұсатаев С.Ш. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 240 б.**

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі" оқу құралы еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмдері, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері туралы студенттерді жалпы біліммен қамтамасыз етуге арналған.



**Момынова Б. Қазақ ұм-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде / Ғылыми ред. Ж.Манкеева. - Алматы: Арыс, 2016. - 496 б.**

Ұсынылып отырған монография тілдік қатынастағы көмекші құралдары әр қырынан талдауға арналған. Ғылыми еңбекте бейвербалды амалдардың тіл білімінде зерттелуі қарастырылады, мағыналары мен қызметі, семиотикалық белгілері айқындалып, ерекшеліктері сөз болады.



**Жеңіс Ж.Ж. Ежелгі және орта ғасырлардағы түркі тайпалары мен Иранның мәдени, саяси қарым-қатынастары: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 216 б.**

Кітапта ежелгі және орта ғасырлардағы қазіргі Қазақстан территориясында жасаған түркі тайпаларының Иранмен жан-жақты қарым-қатынастары қарастырылады. Автор осы қарым-қатынастардың рухани және материалдық нәтижелерін талдап, отандық тарихымыздағы алар орынын анықтайды.




**Мұсатаев С.Ш. Ұлттық мүдденің ақиқаты мен аманаты: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 390 б.**

Монография автордың «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналында соңғы жылдары жарық көрген мақалалар жиынтығынан тұрады. Олардың мазмұнында қазіргі ғаламдану үдерісінің дамуы жағдайында өзекті болып отырған саяси мәселелер: егеменді еліміздің ұлттық мүддесін қорғау, Қазақстандағы ұлт саясатының қалыптасу ерекшеліктері, республикамызда қызу жүріп жатқан қоғамдық-саяси, интеграциялық, мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық процестердің бүгінгі жай-күйі мен келешектегі даму тенденциялары саясаттану тұрғысынан талданған.



**Джулаева А.М. Бизнесті ұйымдастыру: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 174 б.**


Оқу құралы бизнесті экономикалық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырып, бизнес және оның ұйымдастыру үдерісі туралы кешенді көзқарас алуға мүмкіндік береді.



**Тұлеубаев Ж.С. Жаратылыстану негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2016. – 195 б.**


Оқу құралы "Жаратылыстану негіздері" курсының типтік бағдарламасына сәйкес, жоғары оқу орындарының "География" мамандығында оқитын білімгерлерге арналған.






**Білім берудегі педагогикалық технологиялар: Оқу-әдістемелік құралы / Автор-құраст.: Н.С.Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 122 б.**

Бұл оқу-әдістемелік құралында инновациялық технологиялар, белсенді оқыту әдістері енгізілен. Оқу-әдістемеліктегі ақпараттар жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекеті, студенттердің өзіндік жұмысының негізгі және оны жүргізу технологиясы, оқытушы мен студент қарым-қатынасының ерекшеліктері, іскерлік ойындар технологиясы, психологиялық жаттығулар, танымдық, дидактикалық ойындар т.б. қарастырылған.




**Жусанбаева С.Б., Әлімтаева Л.Т. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 210 б.**

Қазақ тілін оқытудың әдістемесінің маңызды міндеттерінің бірі-мұғалімге оқу үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыратын, шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасайтын оқыту әдістерін пайдалануға көмектеседі.



**Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 344 б.**

Оқу құралында қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына, олардың тарихи дәуірлер арасын жалғастырушы сабақтастық рөліне және тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің бүгінгі мен болашағына феноменологиялық, тарихи және мәтіндік талдау жасалады.



**Қартабаева Е.Т. Ислам және ортағасырлық түркілер: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 276 б.**


Монография әлемдік тарихтың аса маңызды мәселелерінің бірі- ислам дінінің ортағасырлық түркі тарихындағы орны мен рөлі мәселесін зерттеуге арналған. Еңбекте ислам дінінің қалыптасуы және даму эволюциясы, исламдағы әр түрлі бағыттар, соның ішінде сопылық бағыттың ерекшеліктері, Мұсылмандық Ренессанс мәселесі, исламның түркі халықтары арасында таралуы, ислам-түркі мәдени синтезі, түркілердің Мұсылмандық Ренессанстағы орны және т.б. мәселелер кең тарихнамалық ізденістер мен деректер негізінде зерттелген.



**Жақсыбаева С.Д., Қожамжарова Л. С. Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы: Оқу құралы / ҚР БҒМ, М.Х.Дулати атынд. Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз университеті, 2016. – 320 б.**

Оқу құралы педагогикалық тәжірбие кезінде мектепте педпрактикалық жұмыстарды дербес орындау үшін қажетті мәліметтер береді. Оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін әр оқытушы мектептегі балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық ерекшеліктерін терең білу қажет. Мысалы, оқу, еңбек және дене шынықтыру сабақтары тек оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерсе ғана табысты бола алады. Бұл жағдайда мектептегі оқу, оқушылардың үйлесімді дамуы мен денсаулығының жақсара түсуіне көмектеседі.


Жас ерекшеліктерін ескермей мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу қайсыбір мүшенің, жүйенің немесе тұтас ағзаның бәрінің жұмысында өзгерістер туғызуы мүмкін. Осыған байланысты физиологияның әр тарауын баяндағаннан кейін оқу процесінің тәртібі, қоршаған ауа аурулардан алдын ала сақтандыру туралы және т.б. мәліметтер келтірілген.



**Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 311 б.**


Монография білім беруді оның модерннен постмодернге ауысуына байланысты философиялық дискурсы тұрғысынан зерттеуге арналды. Жаһандастыру және ақпараттық ортаның дамуы қазіргі заманғы адам болмысын негіздеуге білім беру басты мәнге ие екендігін көрсетті.






**Махатов Б.М., Мелдебеков А., Абрикосова В.И. Бөдене шаруашылығы: Бөдене өсіру ерекшеліктері: 2-ші стереотиптік басылым. – Алматы: Нур-принт, 2016. – 238 б.**

Оқулық еліміздегі ауыл шаруашылығының жаңа саласы бөдене шаруашылығын жан-жақты қарастырып, оның анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ бөдене құсын өсіріп бағу кезінде қамтылатын міндеттерді қамтиды.



**Аударматанудың заманауи мәселелері = Современные проблемы переводоведения: Ұжымдық монография / Дәдебаев, Жанғара, Тарақов, Әнуар, Есембеков, Темірғали және т.б.; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 207 б.**

"Аударматанудың заманауи мәселелері" атты ұжымдық монография әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында 2015-2017 жылдар аралығында орындалып жатқан "Қазақстандық аударматанудың әлемдік мәдениетаралық кеңістіктегі заманауи мәселелері: зияткерлік әлеуеті және даму болашағы" атты ғылыми жобаның аясында жарық көріп отыр.



**Химиялық энзимология негіздері: Оқу құралы / Қоқанбаев, Әзімбек Қоқанбайұлы [и др.]; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 376 б.**

Оқу құралында нәруыздардың, нуклеин қышқылдарының, ферменттердің құрамдары, алу жолдары мен қасиеттері; ферменттердің номенклатурасы мен жіктелуі; ферменттердің каталитикалық белсенділігіне әсер ететін әр түрлі факторлар; ферменттілік реакциялардың кинетикасы мен механизмі; бәсеңдеткіштер, олардың жіктелуі мен ферменттерге әсер ету механизмдері толық қарастырылған.




**Төлегенов С. Биометрия: Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2016. – 371 б.**

Ұсынылып отырған оқу құралы биология саласының бір тармағы-биометриядан кәсіби білім беру мен біліктілік дағдыларының жүйесін ұсынуды, оның негізгі тарауларын тыңғылықты меңгеруді мақсат етеді. Бұл оқу құралы биометрия пәнімен тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, тәжірибе жүзінде алынған сандарға тиісті, дәйекті қорытындылар жасауға көмек береді.



**Ешімбетова Б.Т., Мамаева Л.А. "Нан және нанбөлішке өнімдерінің технологиясы" пәні бойынша лекция жинағы: Лекция жинағы / ҚР БҒМ, М.Әуезов атынд. Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік ун-ті. – Алматы: Альманах, 2016. – 123 б.**

Дәріс жинағы "Нан және нанбөлішке өнімдерінің технологиясы" пәні бағдарламасы мен оқу жоспарының талаптарына сәйкестендіріліп жасалған және "Нан және нанбөлішке өнімдерінің технологиясы" курсының оқып үйренуге барлық қажетті мәліметтер толықтай қамтамасыз етілген.



**Жұманов К.Б., Шынықұлова Г.Н. Атомдық физика: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 198 б.**


Оқу құралында әл-Фараби атынд. ҚазҰУ физика-техникалық факультеті студенттерінің атомдық физика пәнін тыңдаумен қатар осы пән бойынша орындайтын 13 лабораториялық жұмысы баяндалған.






**Шалаөткізгіштік электрониканың физикалық негіздері: Оқу құралы / А.Қ. Саймбетов, Б.Қ. Мухаметқали, Н.М. Джапашов және т.б.; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 302 б.**

Оқу құралында 5ВО71900-Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығының студентеріне шалаөткізгіштік электроника пәнінен теориялық мәліметтер келтірілген, атап айтқанда шалаөткізгіштік электрониканың физикалық негіздері, шалаөткізгіштік материалдар, электрондар мен кемтіктер статистикасы, кинетикалық құбылыстар, контакт құбылыстар және металл-диэлектрик-шалаөткізгіштік құрылымдар қарастырылған.




**Бажықова К.Б. Алифатты қосылыстардың органикалық химиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 364 б.**

Оқу құралы жоғары оқу орындарының Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының білім стандартына сәйкес жазылған. Оқу құралына осы аталған мамандықтың типтік оқу жоспары бойынша "Алифатты қосылыстардың органикалық химиясы" пәнінде қарастырылатын негізгі тақырыптар енгізілген. Оқу құралында органикалық химия курсының теориялық ережелерінің негіздері мен нақтылы материалдары қазіргі деңгейде 4 тарауға бөлініп мазмұндалған. Молекуладағы атомдардың өзара әсері, изомериясы, электрондық орбитальдардың гибридтенуі және т.б. мәселелері қарастырылған.




**Алимгазина Н.Ш. Аспан механикасы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 146 б.**

Оқу құралында тартылыс теориясының негіздері, екі дене есебінің жалпы шешімі, кеплер қозғалысының арнайы түрлері, ұйытқысыз-қозғалысының эфемеридаларын анықтау әдісі, екі дененің релятивистік есебі, ұйытқымалы қозғалыстың теориялық негіздері, үш дене есебі және табиғи мен жасанды аспан денелерінің ұйытқымалы қозғалысы бойынша толығымен теориялық материал келтірілген.



**Салқынбай А.Б. Қазақ тіл білімі тарихы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.**

Ұсынылып отырған оқу құралы-қазақ тіл білімінің тарихына қатысты жазылып отырған алғашқы туынды. Мұнда қазақ тіл білімінің тарихы қайнары М.Қашқари сөздігінен басталып, ХХ ғасырда қалыптасып дамыған қазақ тіл білімінің тарихы жүйеленеді, негізгі ғылыми еңбектер сараланып, қазақ тіл білімін қалыптастырудағы орны мен маңызы көрсетіледі.



**Пірәлі Г.Ж. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.**


Әдебиеттанушы Гүлзия Пірәлінің бұл еңбегінде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Алаш зиялыларының тек әдебиетке қатысты ғылыми зерттеу еңбектері мен сын мақалалары бүгінгі көзқарас тұрғысынан талданады.



**Мыңбаева Ә.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 236 б.**


Оқу құралы жоғары мектеп педагогикасы негіздеріне арналған, педагогикалық ғылымның мәнін және негізгі категорияларын, әлемдік білім беру дағдарысы мәселелерін, қазіргі білім берудің дамуының мегатенденцияларын, әлемдік білім беру кеңістігін, жоғары кәсіби білім берудің реформаларын, ЖОО оқыту және тәрбие теориясын, ЖОО басқару, жоғары мектеп ғылыми іс-әрекеті теорияларын қарастырады.






**Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы: Ұжымдық монография / Жалпы ред. басқарған: А.Фазылжанова, Ред.алқа.: Ә.Жүнісбек, К.Хұсайын, А.Жұбанов және т.б.; ҚР БҒМ ҒК, Ахмет Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ун-ты. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 560 б.**

Ұжымдық монографияда латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру арқылы қазақ жазуын реформалаудың кешенді ғылыми-теориялық және практикалық мәселелері талданып, әліпби ауыстырудың отандық тарихы мен шетелдік тәжірибесі сараланды, ұлттық әліпбидің тиімді жобасын таңдауда күнделікті кәсіби мамандығы жазумен байланысты сарапшылық топқа жүргізілген лингвистикалық эксперимент қорытындысына сүйену ұсынылды.




**Физика әлемі: Пәндік энциклопедия. 2-том: М (Магнит өрісі) - Я / Бас ред. Ж.Тойбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 640 б.**

«Физика әлемі» пәндік энциклопедиясы - ана тілімізде тұңғыш рет шығарылып отырған 2 томдық жинақ. Энциклопедияда әрбір ұғым мен түсінік кең ауқымда егжей-тегжейлі терең мазмұнды болып баяндалады. Құбылыстың құпия сырлары қалыптасқан теория аясында түсіндірілген. Осы тұрғыдан алғанда «Физика әлемі» пәндік энциклопедиясы тек мектеп оқушыларына ғана емес, физика мамандықтары бойынша оқитын жоғары оқу орындары студенттеріне де ортақ болмақ.



**Нұрахметов Н.Н. Бейорганикалық химияның теориялары мен заңдылықтары: Оқулық / ҚР БҒМ, Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 344 б.**


"Бейорганикалық химияның теориялары мен заңғылықтарында" қазіргі кезеңге сәйкес теориялық заңдар мен заңдылықтар баяндалады. Онда жай және күрделі заттардың табиғатын тануға, олардың химиялық айналуларына көп көңіл бөлінген. Оқулықта химияның теориялық курсының дәстүрлі тарауларымен қоса, бүгінгі заманның талаптарына сәйкес келетін кешенді қосылыстар химиясы мен қышқылдық және негіздік әрекеттесу теориялары жаңаша жүйеленген.



**Жолдасбеков М. Күндерімнің куәсі. – Астана: Фолиант, 2017. - 320 б.**

Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, аса ірі түріктанушы, профессор Мырзатай Жолдасбековтің күнделіктері тәуелсіздік алғаннан бергі қазақ өмірінің айнасы десе де болады.


Автордың 1993-1996 жылдар арасын қамтитын күнделік жазбалары «Елшінің күнделігінен» деген атпен 1997 жылы «Ел тағдыры - ер тағдыры» дейтін кітабында жарияланған болатын. Одан кейін «Күндерімнің куәсі» (2007), «Күнделік сөйлейді» (2010), «Күндерімнің куәсі» (2012, екі том) дейтін күнделік кітаптары жарық көрді.



**Балалар тамақтану өнімдерінің технологиясы: Оқулық / М.К. Алимарданова [и др.]; ҚР БҒМ. – Алматы: Альманах, 2016. – 276 б.**

Оқулықта балалар тамақтануына арналған жеміс-көкөніс, ет, сүт консервілері өндірудің заманауи күйі қарастылған. Балалар тамақтану өнімдерін өндіруге қолданылатын жемістер, көкөністер, ет және сүт сапасына қойылатын талаптар, химиялық құрамы және технологиялық қасиеттері келтірілген. Жеміс-көкөніс, ет және ет-көкөніс консервілерінің, құрғақ сүт өнімдерінің, шырындардың негізгі ассортименті және өндіру технологиясы сипатталған.






**Алибаева Б.Н. Биоэтика және тағамдық биотехнологиядағы қауіпсіздік негіздері: Оқу-әдістемелік құралы / ҚР БҒМ. – Алматы: Альманах, 2016. – 250 б.**

"Биоэтика және тағамдық биотехнологиядағы қауіпсіздік негіздері" пәні бойынша бұл оқу әдістемелік құрал биологиялық мамандықта білім алатын бакалавр студенттеріне дәрістер жүйесін, практикалық сабақтарға, бақылау және өзіндік жұмыстарға дайындауға әдістемелік нұсқаулық, I және II аралық бақылау сұрақтары қолдануға арналған.




**Даутканова Д.Р., Мұсаева С.Ж., Муратбекова Қ.М. Азық-түлік өндірісінің ғылыми негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2016. – 116 б.**

Оқулықта өсімдік шикізаты мен одан өңделген азық-түлік өнімдердің технологиялық үрдістері және осы кезде өтетін өзгерістер, олардың қасиеттері келтірілген.



**Өмірбекова Р.Қ., Мәтбек Н.Қ. Қазақ тілі: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.**

Оқу құралында мамандыққа қатысты ең қажетті деген тақырыптар сұрыпталып, мәтіндер мен коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар жүйелі тілді меңгерудің төрт аспектісі арқылы (оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім) беріледі.



**Сопылық ғибратнама: Хрестоматия-компендиум / Құраст.: Сейфеддин Сүтжан; ҚР БҒМ, Павлодар мемлекеттік педагогикалық ин-ты. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 212 б.**


Бұл кітапта Шығыс әдебиетінің бір тармағы саналатын сопылық әдебиет өкілдерінің діни сарындық саздары мен ғұламалардың таным тағлымын тартқан төрттаған жырлары, қанатты сөздері мен афоризмдері жинақталып берілді. Сондай-ақ, төл сөз өнеріміздің көрнекті өкілдері Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп сынды дала даналарының сопылықпен суарылған толғаныстары да тізілді,

**Эволюционная урбанистика Казахстана XX и XXI веков: картографическое и сетевое моделирование, социально-демографическая динамика, экологическая история / Яшков И.А., Иванов А.В., Багаутдинова, А.О. и др.; Под ред. И.А. Яшкова, А.В. Иванова. - М.: Университетская книга, 2017. - 216 с.**




Монография посвящена эволюции сети городских поселений Казахстана за временной интервал XX - начала XXI века и служит иллюстрацией сложных геополитических, социально-экономических, геоэколого-исторических, демографических и миграционных процессов, ареной которых является территория страны. За указанный более чем столетний период сеть городских поселений советской республики, а позднее и суверенного Казахстана была подвержена сильнейшим трансформациям. Развитие сети городских поселений иллюстрировано серией карт, источником информации для которых являются данные Всесоюзных переписей населения и национальных переписей Казахстана за 1926-2009 годы, географических словарей, Большой советской энциклопедии, разновременных топографических карт и картографического сервиса Google Maps. Отдельное внимание авторов привлекла возможность применения теории сложных сетей к статистическим и географическим данным, что позволило построить впервые для данного региона мира математические модели. В исследовании демонстрируются также наиболее показательные процессы развития сети городских поселений в аспекте экологической истории.





**Изучение, сохранение и рациональное использование растительного мира Евразии. - Алматы, 2017. - 612 с.**

В сборнике, посвященном 85-летию Института ботаники и фитоинтродукции МОН РК, представлено более 130 оригинальных научных статей казахстанских и зарубежных ученых: по основным этапам становления и развития ботанической науки Казахстана; по результатам изучения и сохранения ботанического разнообразия; по флористике, систематике, геоботанике, ресурсоведению, экологии, микологии, интродукции растений.




**Степанов В.К. Методика оценки информационной грамотности библиотекаря, работающего в условиях цифровой среды / Сост. приложений Е.Н. Гусева; Министерство культуры Российской Федерации; Межведомственная рабочая группа по разработке предложений по инновационному развитию библиотек; Российская государственная библиотека. - Москва: Пашков дом, 2016. - 256 с.**

Издание направлено на повышение качества подготовки персонала библиотек и ставит целью приведение профессиональных компетенций библиотекарей в соответствие с требованиями, предъявляемыми обществом к библиотекам, осуществляющим свою деятельность в цифровой среде.



**Институт ботаники и фитоинтродукции Республиканское государственное предприятие = Ботаника және фитоинтродукция институты Республикалық мемлекеттік кәсіпорны. 1932-2017 / Гл. ред. Г.Т. Ситпаева; КН МОН РК. - Алматы, 2017. - 168 с. : ил.**

Альманах посвящен 85-летию Института Ботаники и фитоинтродукции.




**Очерки истории развития ботаники в Казахстане (1932-2017 гг.). – Алматы, 2017. – 160 с.**

Изложены основные этапы становления и развития структурных подразделений и научно-практической деятельности 2-х старейших ботанических учреждений Казахстана: института ботаники и ботанического сада г. Алматы, объединенных в настоящее время в единое научное учреждение - Институт ботаники и фитоинтродукции МОН РК. Впервые приводятся фотоматериалы и общие сведения о ведущих ученых и сотрудниках этих ботанических учреждений со времени их образования до настоящих дней.



**Абдильдин С.А. Серикболсын Абдильдин. Педагог. – Алматы, 2017. – 256 с.**

Книга подготовлена к 80-летию профессора и государственного деятеля Серикболсына Абдильдина на базе опубликованных в СМИ материалах в разные годы. Сборник состоит из трёх глав: в первой главе освещаются годы юности и становление юбиляра как профессионала управленца, во второй излагается педагогическая деятельность профессора, а в третьей - стремление ученого-агронома сберечь древнюю землю казахов.



**ИЛ(П)Э-2015 потенциал либеральности экономики / Под науч. ред. Н. Музаффарли; НАН Азербайджана, Ин-т экономики. – Баку, 2017. – 263 с.**


Книга посвящена поиску эффективного равновесия между рыночной саморегуляцией экономики и ее государственным регулированием. В результате исследований, которые Институт Экономики НАНА проводит по этой проблеме с 2014 года, разработана новая методология измерения уровня либеральности - дирижизма экономики - на основе моделирующих форм государственного вмешательства. Отчет за 2016 год, открывающий книгу, содержит сравнительные оценки по 62 экономикам мира. В книгу включен также ряд работ сотрудников Института Экономики по вопросам, нашедшим отражение в Отчете.



**Жирнов А.М. Северный трехлучевой неподвижный мегаконтинент Земли: открытие XXI века. – Владивосток: Дальнаука, 2017. – 228 с.**

